

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

29.12.2025 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. А.С.Даулетова – ф.ғ.к.,

Комиссия мүшелері:

2.Ы.Нурмагомбетова – аға оқытушы;

3.М.Молдашова - PhD, аға оқытушы;

4.Ж.Ошақбаева – оқытушы;

5.Г.Макенова – аға оқытушы;

6.Л.Қазыханқызы – PhD, аға оқытушы

7.Б.Бейсенбаева - докторант,

8. Н.Нарзуллаева - магистрант

9. А.Үсен-студент

10.Р.Байымбетова – ф.ғ.к., аға оқытушы

11. Ж.Тағаева - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім алушылар ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау
3. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау
4. Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сапа комитетінің төрағасы А.Даулетова сөз алып, факультетте әзірленген силлабустар білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуіне қаншалықты көмектесетінін анықтау мақсатында сапа комитеті тарапынан мониторинг жүргізілгендігін айтты.

Жарыссөз:

Ж.Тағаева: Мониторинг барысында Қазақ филологиясы кафедрасына қарасты 6B02336 – Филология: қазақ филологиясы, 6B01716 – Қазақ тілі мен әдебиеті; Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасына қарасты 6B02332 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі; Орыс тілі және әдебиеті кафедрасына қарасты 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті; 6B01724 – Орыс және орыс емес тілдерінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 6B02377 – Филология: орыс тілі мен әдебиеті.Түрік филологиясы кафедрасына қарасты 6B02333 – Шетел филологиясы (түрік тілі), 6B02267 – Түркітану; Педагогикалық шетел тілдері кафедрасына қарасты 6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай), 6B01719 – Шетел тілі: екі

шетел тілі (ағылшын-түрік) және 6B01791 – Ағылшын тілі бойынша БББ сиплабустарына мониторинг жүргізілгені туралы ақпарат берді.

Л.Қазыханқызы: Тексеріс барысында 2025-2026 оқу жылына арналған пәндер сиплабустары түтел, сапалы дайындалған. Құрылымдық тұрғысынан сиплабустарда ешқандай кемшілік анықталмады. Сағат саны дұрыс бөлінген, бағалау критерийлері мен сипаттамалары тақырыптарының мақсатына негізделіп жасалған деп өз ұсынысын білдірді.

М.Молдашова: Сиплабустардың ішкі сапасы, комиссия тарапынан пәннің сипаттамалары, курстың оқу бағдарламасына сәйкестігі, курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) байланысы, дублин дескрипторларына сәйкес және блум таксономиясына негізделгендігі тесерілді. Пән сипаттамалары білімгерлер үшін түсінікті, курстан не күтетіндігін нақты және айқын түсіндірген. Курс барысында пән үйренетіндігі, қандай дағдыларды игеретіндігі және олар не үшін маңызды екендігі жақсы түсіндірілген.

Шешім:

Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша комиссия төрағасы білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелері жөнінде кафедраларда атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпаратпен бөлісті. Факультетке қарасты барлық кафедра мүшелерінен құралған комиссия білім беру бағдарламалары аясында өткізілетін сабақтарға қатысып, олардың сапасын бағалау мақсатында мониторинг жүргізілгенін атап өтті. Мониторинг барысында оқытушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыруда инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуіне байланысты бірқатар негізгі аспектілерге назар аударылды.

Жарыссөз:

Ж.Ошақбаева: Профессор-оқытушылар құрамының инновациялық әдістерді сабақтарды өткізу барысында оқытушылар тарапынан жаңа әдіс-тәсілдер мен педагогикалық технологиялардың белсенді қолданылатынын, атап айтқанда, мультимедиялық құралдар, онлайн платформалар (Zoom, Moodle, Google Classroom), тіл үйретуге арналған ойындар мен квесттер, интерактивті тақталар және басқа да заманауи технологиялық құралдар кеңінен пайдаланып жатқанын айтты..

Б.Бейсенбаева: Білім алушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыру бойынша оқытушылар білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығы мен мотивациясын арттыру мақсатында шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, тілдік қауымдастықтар мен клубтар ұйымдастырып, жүйелі түрде жұмыстар жүргізіліп жатқандығы жайлы мәлімет берді.

Г.Макенова: Әдістемелік құралдар мен ресурстарды енгізу жайлы шетел тілдерін оқытуда арнайы әзірленген әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламалары, атап айтқанда электронды оқулықтар, тестілеу жүйелері және тіл үйренушілерге арналған мобильді қосымшалар белсенді түрде қолданылуда деп өз пікірін білдірді.

А.С.Даулетова: Студенттерді бағалау үдерісінде де инновациялық тәсілдер кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, оқытушылар мен студенттер арасындағы рефлексивті талқылаулар, тренингтер және кері байланыстың түрлі формалары енгізілген. Сонымен қатар тіл сабақтарында Case Study (кейс әдісі), Project-Based Learning (жобалық оқыту), Role-Playing (рөлдік ойындар), студенттердің өз көзқарасын қорғау және дәлелдемелік талдау жасау дағдыларын дамытуға арналған дебаттар мен пікірталастар қолданылуда. Сабақтарды қызықты әрі интерактивті өткізу мақсатында Kahoot, Quizizz сияқты цифрлық

платформалар кеңінен пайдаланылады. Аударма сабақтарында Computer-Assisted Translation (CAT) Tools, Machine Translation (MT) және Post-Editing бағытындағы Google Translate, DeepL сияқты автоматтандырылған аударма құралдары қолданылады. Сонымен қатар ELSA Speak, Speechling, Google Speech-to-Text сияқты жасанды интеллектке негізделген құралдар студенттердің айтылым дағдыларын жетілдіруге ықпал етуде. TED Talks, BBC Learning English, The British Council Podcasts сияқты аутенттік материалдар тыңдалым және сөйлеу дағдыларын дамытуға пайдаланылуда. Flipped Classroom (төңкерілген сынып) әдісі арқылы студенттердің негізгі материалды үйде меңгеріп, сабақта практикалық тапсырмаларды орындауына мүмкіндік беретін тиімді әдіс ретінде кеңінен қолданылатын бағалау жүйелері жайлы ақпарат берді.

Білім беру бағдарламасын заманауи талаптарға сәйкестендіру, оқыту процесінде инновациялық педагогикалық әдістер мен цифрлық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру мақсатында

Шешім:

1. Білім беру бағдарламасын іске асыру барысында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану деңгейіне жүйелі мониторинг жүргізу ұйымдастырылсын.
2. Мониторинг қорытындылары кафедра және факультет деңгейінде талқыланып, оқу-әдістемелік комитетке ұсынылсын.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде белгіленген үшінші мәселеге қатысты факультеттегі ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау бойынша әр кафедра мүшелері есептерімен бөлісті.

Жарыссөз:

Л. Қазыханқызы: Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының 6B01721 – «Ағылшын тілі (IP)» білім беру бағдарламасы бойынша Бағдарлама бойынша 18 студент Түркістан қаласындағы №3, №14, №2, №15, №22, №28, №19, №24, №34, №31, №12, №5 және өзге де жалпы білім беретін мектептерге практикадан өтуге жіберілді. Практика жетекшісі ретінде аға оқытушы Қасымбекова А. және мектептер тарапынан жауапты тұлғалар бекітілді. 6B01728 – «Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай) (IP)» БББ бойынша 50 студент Түркістан қаласындағы №22, №9, №32, №33, №2, №34, №19, №26, №10, №15, №18, №4, №21, №28, №16, №31, №17 және өзге де жалпы білім беретін мектептерге практикаға жіберілді. Практика жетекшісі ретінде оқытушы Шаймерден Ф. және мектептердің жауапты мұғалімдері бекітілді. 6B01729 – «Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік) (IP)» БББ бойынша 72 студент Түркістан қаласындағы №15, №24, №1, №17, №20, №21, №19, №26, №33, №16, №13, №18, №22, №27, №31, №23 және өзге де мектептерге педагогикалық практикадан өтуге бөлінді. Практика жетекшілері ретінде аға оқытушылар Ербота А., Қасымбекова А. және мектептердің жауапты педагогтері бекітілгендігін айтып өтті. 6B01721, 6B01729 білім беру бағдарламалары бойынша студенттердің педагогикалық практикадан өтуін ұйымдастыру мақсатында Түркістан қаласының жалпы білім беретін мектептерімен келісімшарттар жасалғанын және практика базалары айқындалғанын хабарлады. 6B01728 білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің педагогикалық практикадан өтуін ұйымдастыру мақсатында Түркістан қаласының жалпы білім беретін мектептерімен келісімшарттар жасалғанын және практика базалары айқындалғанын хабарлады. Комиссия отырысында аталған білім беру

бағдарламасы бойынша 50 студенттің, ал 6B01729 ББ бойынша 72 студенттің педагогикалық практикадан өтетін мекемелері мен практика жетекшілері ұсынылып, талқыланды.

№ТО-744 18.02.2025ж.2025-2026 оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес 3 курс білім алушыларын 02.09.2025-13.12.2025ж аралығында (6 кредит, 15 апта, аптада 12 сағат) педагогикалық практикаға жіберілді.

Ы.Нурмагомбетова: *Түрік филологиясы кафедрасы* 4-курс бойынша білім алушыларды өндірістік практика ІІІ практикадан өтуге жіберу туралы бұйрық негізінде:

6B02333 –Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасына қатысты 10 студент, 6B02267-Түркітану білім беру бағдарламасына қатысты 36 студент 2026-жылдың қаңтар айынан бастап ХҚТУ, Түркология ғылыми зерттеу институтына, ХҚТУ, Аударма орталығына, Лингвистика орталығына жіберіледі.

Р.Байымбетова: 6B01726 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 6B01726 БББ-ның 46 студенті Түркістан қаласындағы М.Әбенова, М.Шокай, Әмір Темір, №34, №33, №14, №28, Ататүрік, Төле би атындағы және өзге де жалпы білім беретін мектептерге педагогикалық практикадан өтуге бекітілді. Практика жетекшілері ретінде ф.ғ.к., доцент Ислам Д., ф.ғ.к., доцент Жылқыбай Г. және тиісті мектептердің жауапты мұғалімдері бекітілді.

Ж.Ошақбаева: 6B01724 – «Орыс және орыс емес тілдерде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» БББ бойынша Аталған бағдарлама бойынша 39 студент Түркістан қаласындағы №17, №2, №15, №21, №20, №9, №13 және өзге де мектептерге бөлінді. Практика жетекшілері ретінде оқытушы Раметова У., ф.ғ.к., аға оқытушы Бейсенбаева С. және мектептердің тәжірибелі педагогтері бекітілді. Кафедра меңгерушісі 6B01724 білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің педагогикалық практикадан өтуін ұйымдастыру мақсатында Түркістан қаласының жалпы білім беретін мектептерімен келісімшарттар жасалғанын және практика базалары айқындалғанын хабарлады. Кафедра отырысында аталған білім беру бағдарламасы бойынша 39 студенттің педагогикалық практикадан өтетін мекемелері мен практика жетекшілері ұсынылып, талқыланы жайлы ақпарат берді.

Абдулкадир Өзтүрк: университеттің *«Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау»* ережесіне және 2025–2026 оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес Филология факультетінің 4-курс студенттерін 26.01.2026–20.03.2026 жылдар аралығында өндірістік практика ІІІ өтуге жіберу туралы ұсынысын баяндады.

Г.Максенова: *Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасы* бойынша 6B02332 – *«Шетел филологиясы (ағылшын тілі)»* және 6B02335 – *«Аударма ісі (ағылшын тілі)»*, 6B02335 – *«Аударма ісі (ағылшын тілі)»* білім беру бағдарламалары бойынша 4-курс студенттерінің өндірістік практика ІІІ өтетін мекемелері мен практика жетекшілері ұсынылғаны туралы толық мәлімет берді..

Шешім:

- 1.ББ аясында қарастырылған барлық практика түрлері ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне, ЖОО ішкі регламенттеріне және оқу жоспарларына толық сәйкестікте ұйымдастырылсын.
2. Студенттердің практикасының уақытылы әрі сапалы өтуін қамтамасыз ету кафедра меңгерушісі мен практика жетекшілеріне жүктелсін.
3. Практика барысында студенттердің сабақтарға қатысуы, құжаттарының толық әрі уақтылы тапсырылуы қатаң бақылауға алынсын.

Төртінші мәселе бойынша ішкі сапа комиссиясының төрағасы қараша, желтоқсан айларында білім алушылар ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу барысы, ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасау жайы, ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау туралы қорытынды пікірін айтты.

Шешім:

Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін комиссия мәжілісінде талдау қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мәжіліс төрағасы:  А.Даулетова

Мәжіліс хатшысы:  Р.Байымбетова